

ҚОС АУДАННЫҢ МАҚТАНЫШЫ



Ақсу, Сарқан аудандарының "Құрметті азаматы" аудан экономикасының дамуына ұзақ жыл аянбай еңбек еткен апамыз Исанова Орал Сердалықызына аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы алғысын айтып, зейнеткерлікке шықса да шаршамай, қажымай аудандық сайлау комиссиясына сіңірген еңбегін бағалап, Сайлау органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін медалін тақты.

БАҒБАН АНА ҚУАНЫШЫ



Аудан әкімдігінің аппарат жиыны алдында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы ауданымыздағы "Қарлығаш" балабақшасының меңгерушісі Қойшыбаева Кеукер Нұртайқызын туған күнімен және зейнеткерлікке шығуымен құттықтап, қиын кезде балабақшаның жабылып қалмауы үшін аянбай еңбек еткен мекеме басшысына алғысын айтып, шапан мен ақ жаулық жапты.

Өз тілшіміз.



АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 «Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33110 болып тіркелген), Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ақсу ауданы бойынша туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев по Аксускому району

В соответствии с подпунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года №181 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №33110), Аксуский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристов по Аксускому району в размере 0 (ноль) процентов от стоимости пребывания.
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

ТАҒАЙЫНДАУ



2024 жыл 3 қаңтардан бастап Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №1 Шешімінің негізінде Жұмабеков Сәкен Сейпылғазыұлы Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы болып сайланды.

Тынышбайұлы аудан әкімдігінің аппарат жиынында арнайы айтып, құттықтап, алдағы атқарар жұмысына сәттілік тіледі.

Жұмабеков Сәкен Сейпылғазыұлы білімі жоғары, 2007 жыл - Қазақ ұлттық аграрлық университеті инженер мамандығы, Ө.А.Жолдасбеков

атындағы экономика және құқық академиясының заңгер мамандықтарын тәмамдаған.

Қызметі: Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде және құқық қорғау органдарында қызмет атқарған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Алматы облысының Статистика департаменті Ақсу ауданының Статистика басқармасының бас маман-эксперті,

«Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық бөлімшесінің бас инспекторы (мем/құпиялармен жұмысы) «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметтер мониторинг және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің басшысы, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жалпы бөлімі басшысының осы күнге дейін қызметін атқарған.

Е.СЫМХАНОВ.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№29 сайлау учаскесі.

Орталығы: Арасан ауылы, Тұрғанбек көшесі, №19, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Барлыбек Сырттанов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылжар бастауыш мектебін қосқанда.

Шекарасы: Арасан ауылы.

№30 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қызылжар ауылы, Қызылжар көшесі, №17, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Барлыбек Сырттанов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылжар бастауыш мектебін қосқанда.

Шекарасы: Қызылжар ауылы.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

Ақсу ауданының учаскелік сайлау комиссиялары

№29 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Арасан ауылы, Тұрғанбек көшесі №19, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Барлыбек Сырттанов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылжар бастауыш мектебін қосқанда. Тел.: 8 (72832) 30023.

Комиссия төрағасы – Рысбекова Манар Қалмұхамбетқызы
Комиссия төрағасының орынбасары – Ноғайбекова Фарида Баубекқызы
Комиссия хатшысы - Баграмова Сауле Жақсылықызы
Комиссия мүшелері: Ахтанберлиева Гүлнұр Әблезқызы, Мүсекенов Аман Алмабекұлы.

Ақсу ауданының учаскелік сайлау комиссиялары

№30 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Қызылжар ауылы, Қызылжар көшесі №17, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Барлыбек Сырттанов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылжар бастауыш мектебін қосқанда. Тел.: 8 (72832) 50041.

Комиссия төрағасы - Құдиярова Майра Бекежанқызы
Комиссия төрағасының орынбасары – Жақсыбаева Ләйля Байдаулетқызы
Комиссия хатшысы - Бабикенова Ләйля Бекетқызы
Комиссия мүшелері: Солтиева Ажар Бектұрғанқызы, Абылғазиева Фариза Молданқызы

УЧАСТКОВЫЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ КОМИССИИ АКСУСКОГО РАЙОНА

Участковые избирательные комиссии Аксуского района

Участковая избирательная комиссия №29

Центр: село Арасан, улица Турғанбек №19, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Барлыбека Сырттанова с дошкольным мини-центром» включая Кызылжарскую начальную школу государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу». Тел.: 8 (72832) 30023.

Председатель комиссии – Рысбекова Манар Қалмұхамбетқызы
Заместитель председателя комиссии – Ноғайбекова Фарида Баубекқызы
Секретарь комиссии – Баграмова Сауле Жақсылықызы
Члены комиссии: Ахтанберлиева Гүлнұр Әблезқызы, Мүсекенов Аман Алмабекұлы.

Участковые избирательные комиссии Аксуского района

Участковая избирательная комиссия №30

Центр: село Кызылжар, улица Кызылжар №17, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Барлыбека Сырттанова с дошкольным мини-центром» включая Кызылжарскую начальную школу государственного учреждения «Отдел образования по Аксускому району Управления образования области Жетісу». Тел.: 8 (72832) 50041.

Председатель комиссии – Кудиярова Майра Бекежановна
Заместитель председателя комиссии – Жақсыбаева Ләйля Байдаулетовна
Секретарь комиссии – Бабикенова Ләйля Бекетовна,
Члены комиссии: Солтиева Ажар Бектұрғановна, Абылғазиев Фариза Молданқызы

МЕКТЕБІМІЗДІҢ ҚОС ҚУАНЫШЫ

Тәртіп – мызғымас қағида



“

БИЫЛ ӘЙГІЛІ ҒАЛЫМ ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125, ДАҢҚТЫ БАТЫРЛАР САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ ПЕН РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛАДЫ.

MEMLEKET BASSHYSYNYŇ
«Egemen Qazaqstan» gazetine bergен сұхбатынан



“

ЕЛІМІЗДЕ ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ҚАНА ҮСТЕМДІК ҚҰРУҒА ТИІС. БҰЛ – МЕН ҮШІН МЫЗҒЫМАС ҚАҒИДА.

MEMLEKET BASSHYSYNYŇ
«Egemen Qazaqstan» gazetine bergен сұхбатынан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл басында «Егемен Қазақстан» газетіне берген көлемді сұхбатының ел болашағына қатысты біраз нәрсені пайымдауға болады. Президент осы сұхбатында көптеген мәселелердің басын ашып айтты. Соның ішінде 2024 жылы қазақтың біраз айтулы тұлғаларының мерейтойлары екеніне тоқатылып өтті. Соның ішінде биыл Қазақ ғылымының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан тұлға, елдегі тұңғыш ғылым академиясын құрған, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына – 125 жыл болады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген көлемді сұхбаты жыл бастауында соңымызда қалған ізге үңіліп, ертеңгі мақсат - мұратымызды салмақтауға түрткі болды, көп ойға жетеледі.

Бұл біздің академиктің есімін иеленіп отырған гимназиямыз үшін үлкен мерекелік іс - шара. Сонымен қатар осы жылы мектебіміз күрделі жөндеуден өтетіндігі барлығымызды қуанытып тастады. Ең басты меже мен мақсат біздің алтын ұямыз ғалымның лайықты ізбасарларын дайындау жолында тұрақты жұмыс атқара беретін болады.

Президент ел болуымыз үшін алдымен бесігімізді түзеуіміз керек екенін нақты жеткізді. Яғни, ең алдымен тәртіп пен заң дұрыс болу керектігін ашып айтты. Сондықтан бір нәрсені анық білуге тиіспіз. Бейбіт шеруге тыйым салынбайды, ал жаппай тәртіпсіздіктің кез - келген түріне қатаң тосқауыл қойылады. Елімізде заң мен тәртіп қана үстемдік құруға тиіс. Бұл – мен үшін мызғымас қағида, - деді мемлекет басшысы. Қоғамда зорлық-зомбылық пен қатыгездік белең алып бара жатандығы туралы айтылғанда:

Бұл ауқымды шаралар Мемлекет басшысының аталған сұхбатта ел болашағына қатысты айтқан сүбелі де салмақты ойларымен астасып қабысып жатыр деп ойлаймын.

– Мен елімізде «заң мен тәртіп» қағидатының орныға түскенін қалаймын. Сондықтан нақты жауап берейін, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтуды толық қолдаймын. Сіз айтқан петиция заң талабына сай келсе де, келмесе де, азаматтардың пікірі міндетті түрде ескеріледі. Оған күмән болмасын, - деп кесіп айтты. Біз қоғамды ішінен ірітетін, адамгершілікке жат қылықтарды ақтауды көздейтін кез - келген әрекетке және құқықтық нигилизмге тұтас ел болып тосқауыл қоюымыз керек. Яғни, Біз заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей, батыл қарсы тұруымыз қажет, - деді.

Бақыт САДЫҚОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Тіл – ел мәртебесі

АҚСУ АРХИВИ "ҮЗДІК ҒУЛМАЛ" АМАНДЫ



де қадірлейміз. Өткенді, бүгінгі, болашақ қазынаны тілмен жеткіземіз. Тіл арқылы салт-дәстүрімізді, дінімізді, қолөнерімізді сақтап, келесі ұрпаққа бере аламыз.

Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Сондықтан да өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу – әр қазақ баласының бірден - бір міндеті болып табылады. Біз, болашақ жастар тіліміздің абройын асқақтатамыз, биікке көтеріміз деп нық сеніммен айтқым келеді.

Менің ана тілім – шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты тіл. Өйткені, өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – сол ана тілім! Мынау жарық дүниеге келгеннен бастап, ананың әлдиімен бойыма сіңіріп келе жатқан тілім мен үшін ең қастерлі, ең қымбат тіл.

Тіл тағдыры - ел тағдыры. Өрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті. Мен еліміздің бәсекеге қабілетті елдердің қатарына енуі үшін өз үлесімді қосамын, аянбай еңбек етемін.

Тіліміздің туы мен тұғырын әрқашан жоғары ұстайық.

Абылай РАХМАНОВ,
"Ақын Сара" атындағы мәдениет үйінің мәдениет қызметкері.



28 желтоқсан күні Талдықорған қаласында 22 желтоқсан - Архившілер күні кәсіби мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Жетісу облысының мемлекеттік архиві КММ Ақсу филиалы "Үздік филиал" номинациясымен 300 мың теңгенің сертификаты және филиал директоры Гүлжан Мейрамбекқызы Мейрамбекова Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Құрмет Грамотасымен" марапатталды.

Жанар АУБАКИРОВА.

Әскерде сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!



2024 жылғы 9 қаңтарда Ақсу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамымен алдын алу шаралары бойынша ситуациялық кейстерді қолдана отырып, Жетісу гарнизоны әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы, әділет майоры Н.Зейтинов «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан республикасы Заңының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктер тақырыптарында кездесу өткізілді.

Шараның басты мақсаты - жеке құрамға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қажетті мағлұматтарды беру арқылы әскери ортада келеңсіз оқиғаларды болдырмауға шақыру,-дейді Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Н.Зейтинов.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ.



Ащыбұлақтағы "АЛТЫН ШАҢЫРАҚ"

«Бақыт, қайда барасың? Ата-анасын сыйлаған, ұйымшылдық ойлаған, тату жерге барамын», – деген екен Қабан жырау. Бұл сөз Ащыбұлақ ауылына да қатысты айтылғандай. Елді мекеннің тұрғындары тайлы-туяғы қалмай ауылдың көркеюіне, әлеуметтік жағынан тарықпауына күш

салуға. Ел бірлігімен Ащыбұлақта ауқымды шаруа атқарылып, «Алтын шаңырақ» атты тойхана салынды. Оны қатымхана ретінде пайдалануға да ынғайлап жасаған. Сонымен қатар, ауыл ішіне асфальт жол, электр сымдары тартылыпты.



ары қарай тізім 1950 жылы туғандармен жалғасып, 2002 жылы туғандармен аяқталады. Береке-бірлік деген осы болар. Мұндай істі журналист ретінде қуана көпке үлгі еткің келеді. Тойхана-қатымхананың ашылуы, кеше жолдарының аяқталуы, электр сымдарының тартылуын ащыбұлақтықтар елжұртты жинап, ауқымды шара

ретінде өткізді. Шараға аудан әкімінің орынбасары Амандос Сабырбаев қатысып, жиналған көпшілікке алғысын білдірді. «Ащыбұлақтықтардың «Ауылым – алтын бесігім» атты ісі көпке үлгі. Елжандылықтың белгісі. Бірліктің арқасында бір жылдың ішінде көп шаруа атқарылды. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға Суықсай мен Ащыбұлақтың ара-

сына асфальт жол салынды. Орталықтандырылған ауызсу жүйесі іске қосылып, 2 көшеге жарықшам орнатылды. Шағын футбол алаңы салынды. Соны ары қарай жалғап, елді мекенді жайлы тұраққа айналдырып жатқан тұрғындардың ісі үлгі аларлық. Істеріңіз берекелі болсын», – деді ол. Жиналған көпшілікке Қыдырбек

Нұрмұхамбетов ақсақал ауыл тұрғындары атынан алғыс білдірді. Береке-бірлігіміз арта берсін деген ағалық ақ тілегін арнады. Ауылдың ең жасы үлкен ақ жаулықты анасы Нұрсара Нұрмұхамбетова биыл 98 жасқа толды. Ауыл елі атынан сөз сөйлеген қаламгер Дәурен Қуат:

– Береке-бірлік, қайда барасың десе, Ащыбұлаққа барамын. Мен сол ауылға тұрақтап қалғанмын. Ынтымақырыс сол ауылда. Мені іздесеңдер сол ауылға келіңдер – деп қалжың аралас шындыққа жанасатын тілегін арнады. – Ойдағымыз-қырдағымыз бар, ақсарайдай үй соқтық. Біздің «Алтын шаңырақ» әлемде жоқ тау. Басқа таулар ұшар басына ешкімді жеткізбеймін десе, «Алтын шаңырақ» келіңдер, мені көріңдер деп тұрады. Сол таудың басында аққудың көз жасындай көл бар. Бәріміздің көңіліміз сол көлдей тұнық. Бүгін барша ауылдастар жиналып, көңілімізді сергітіп, құшақ жая амандасып, бір жасап қалдық», – дей келе ақын Мұқағали Мақатаевтың жерлесі Бақыт Беделханнның «Алтын шаңыраққа» шығарған өлеңін оқып берді. «Дос түгілі сүйінетін жауың да, сауын айтқан ағайынға-бауырға, ынтымақ пен бірлігінді паш етіп, «Алтын шаңырақ» көтерілді ауылда. «Алтын шаңырақ» биік болсын, кең болсын, ауылымызға аймақ алтын төр болсын. Бір Мейірбек ұйытқы болған ауылдың, рахаты мен шапағатын ел көрсін», – деген өлеңі қуанышты еселей түсті.

Ауылдағы тойға 90 жастағы Нұрсұлтан Мұсабаев ата бата берді. Маралхан Құрманғалиева мен Бибігүл Нұрмұхамбетова апаларымыз құрған «Ұлпан» әжелер ансамблі ән салды. Тойхана-қатымхананың жайнаған, етегі жерге төгілген, кең пішілген перделері Жадыра Бакалова есімді қыздың қолынан шығыпты. Қабырғалары мәрмәр



Құрылыс жұмыстарына ақша жинағандардың тізімі қолымызға тигенде береке-бірліктеріне таңдай қағып, бас шайқадық. Қаржы жинағандардың ең басында «1936 жылғылар» деген тізімінде Қанатбек Нұрахметов пен Шаяхмет Құнанбаев деген аталарымыздың аты-жөні тұр. Содан кейін «1939 жылғылар» деген тізімде Кенжебай Алдабергенов атаның да есімі жазылған. Жаны жаннатта болғыр Кенжебай атамыз осы қуаныштың алдында бір апта бұрын дүние салыпты. Ол кісінің жақсы ісін ұлы, ауылдың атымтай жомарт азаматы Берік Алдабергенов жалғастырып, 1 500 000 теңге қаржы қосыпты. Кенжебай ағаның өмірі жалғасты деген осы емес пе?! Игілікті шараға қаржы жинағандардың ішінде 1947-1949 жылы дүниеге келген Төкен Бейсенбаев, Серік Құрманов, Тұрсынбек Жанұзақов, Байсұлтан Дәуітбаевтар да тұр. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» демекші, қазыналы ата-апалар берекенің ұйытқысы. Бұдан

Бірлік, барда тірлік болған әрқашан

Алтын - шаңырақ тауы біздің ауылдың, Тойханасы құтты болсын қауымның, Игі іске мұрындық боп жүрген, Бастамасы Мейірбектей бауырдың!

Бірлік, барда тірлік болған әрқашан, Жерлестерге шашу қылып жыр шамам! Үлгі болып, ел жұртыңа жүріңдер, Ащыбұлақтың жігіттері, әрқашан!

Бірін - бірі қолдап, демеп, біріккен, Азаматтар аман болсын сүйікті ел.

Арта берсін береке мен бірлігің, Осы іске ат салысқан жігіттер.

Бірін - бірі үлгі тұтқан қадірлеп, Кездескенде, құшақжайып бауыр деп, Атымтайлар. Мәрт жігіттер бар екен, Жүретұғын туған жердің қамын жеп!

Бауыржан. БОЛАТЖАНҰЛЫ.
07. 01. 2023. ж.



тастан жасалған. Ас бөлмесінің ұзындығы 6 метр. Тойхана-қатымханаға 300-ге жуық адам сыяды. Шат көңілдің үстінде ащыбұлақтықтар осы істің басынан аяғына дейін басы-қасында жүріп, ұйымдастырушысы болған Мейірбек Исламовқа ақбоз ат мінгізді. Халықтың қошеметін сұрап ала алмайтының белгілі. Мейірбек азамат ортаға шыққанда қарттар жағы «Айналайын-ай, көсеген көгерсін» деп ақжарма тілектерін арнап жатты. Игілікті іске осы ауылдың тұрғыны, қожалық иесі Игорь Кузнецов пен балалары Саша мен Владимирдің де қосқан үлесі зор.

Таулы өңірдегі «Ауылым – алтын бесігім» атты шара елдің мерейін өсірді. Үлкен-кішіні қуанышқа беледі. Азаматын көріп, ауылын таны. Ауылдың атымтай жомарт азаматтарының мәрттігі көпке үлгі. Ауыл азаматымен ажарлы.

Гүлжан ТҰРСЫН.

Суреттерді түсірген: Руслан ҚАДЫРОВ.

ЕҢБЕК АДАМЫ



ЖЕТИСТІКПЕН ЖЕТКЕН ЖЕТІС ЖАС



жылдары аралығында ауданда санақ бөлімінде басшысының орынбасары қызметінде болып, барлық салалардың есеп - қисабын жүргізді және бақылауда ұстады. Экономист лауазымдық қызметін атқарды.

Ауылдық ақпараттық кеңес беру орталығында ауылшаруашылығы саласы бойынша тауар өндірушілермен өнімнің өндіру технологияларын өндіріп өткізу жұмыстарын жүзеге асыруға ықпалдасты. Кейіннен қайтадан өз мамандығы бойынша ауысып, 1988 - 1990 жылдары Алматы облыстық «плем» бірлестігінің мал асылдандыру зоотехнигі қызметінде болды. 1990-1992 жылдары Ақсу аудандық «Агроөнеркәсіп» серіктестігінің жетекші маманы лауазымын атқарды.

1992 - 1994 жылдары Ақсу ауданы әкімінің көмекшісі болып та қызмет атқарды. 1994 - 1997 жылдар аралығында Ақсу ауданының бас зоотехнигі лауазымын атқарып, кейіннен өсімдік шаруашылығының өзара сақтандыру кооперативінің қызметкері және Қазақстан фермерлер одағының Ақсу аудандық филиалының төрағасы қызметін атқара жүріп табиғат апатына ұшыраған ірі шаруа қожалықтар, мысалы: И.Кузнецов секілді азаматтарға қолдау көрсетті.

әкеліп, өз перзенттеріне жақсы тәрбие берді.

Осы балаларын аяққа тұрғызуды ойлады. Алға қойған мақсаты орындалып, бүгінде шуақты күнге жетті. Перзенттері жоғары білім алып, өмірде өз орындарын тапты. Үлкені - Жұмабеков Сәкен, «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің басшысы, одан кейінгі жылдары аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімі басшысының осы күнге дейін қызметін атқарған. Күні кеше ғана аудандық аймақтық Сайлау комиссиясының төрағасы болып тағайындалды.

Қызы - Сейпылғазина Сәлима - облыс әкімдігінде бөлім басшысы қызметін атқарса, кенжелері - Жұмабеков Ілияс қала әкімі аппаратында бас маманы болып қызмет етіп жүр.

«Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің», - демекші Сейпілғазы ағамыздың үш ұрпағы да өзі секілді мемлекетке қызмет етіп, әке жолын қуып келеді.

Қазіргі кезде 2 немере сүйіп отыр. Сейпілғазы ағамыздың сайлау алды науқанында аудан бойынша ерекеше көзге түскендіктен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Алғыс хаты", «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының төрағасы Серік Үмбетовтың Алғыс хаттарымен марапатталған.

Өз ауданына 40 жылдан аса уақыт қызмет жасап, ауданның экономикасын көтеруге атсалысқан Сейпілғазы ағамыздың осы еңбектері бағаланып, 2021 жылы Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі қарсаңында Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағына ие болды. Ауданымыз бен өзінің туған ауылының халқына абыройлы қызмет атқарып келе жатқан ағамыз туралы айтқанда аудармашы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза ағамыздың бір тілшімен сұхбатында айтқан әңгімесі есіңе түседі екен. - «Тілші менен сұрайды:

- Жұрттың көбі қалада тұрады. Сіз неге ауылды аңсай бересіз? - дейді.

Мен: - Наурыzkөк, қарлығаш, т.б. құстар ерте көктемде сонау жердің түбіндегі Африкадан біздің елге мыңдаған шақырым ұшып жетеді. Немене, сонда Африкада ұя салатын жер жоқ па? Құс екеш құс та туған жеріне жер түбінен ұшып жетеді. Ал, мен адаммын ғой.» - депті. Қандай керемет ой. Сейпілғазы ағамыз да қалаға ауысып, балаларын қаладан оқытып, барлық жағдайын көтеріп алуға шамасы жететін еді. Бірақ ол кісі олай жасамады. Туын туған жеріне тікті, туған ауданы үшін аянбай еңбек етті.

Еңбек жолын өзінің туған ауылынан бастап, зейнеткерлікке шыққанша өз ауданына абыройлы қызмет жасады.

Бүгінде осы қаңтар айының басында Сейпілғазы ағамыз жетпіс жасқа шығып отыр. Осы кезде тағы да Шерхан Мұртаза ағамыздың айтқан сөзі ойға оралады. «Жетпіс деген сөз Жеті! Піс! деген екі сөзден құралады, яғни, жетілген шағың, піскен кезің деген рас-ау», деген ой білдіртіп.

Иә, әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Өзінің өнегелі өмір соқпағында кісілік келбет, азаматтық тұлға, адами асқақ қасиеттің ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан Сейпілғазы ағамыз осы бір желкенді жасқа абырой - беделмен жетіп отыр.

Айта берсек, Сейпілғазы ағамыздың жасаған жақсылығымен, көпке үлгі болатындай істері жетерлік.

Анамыз Гүлфара Ахмеджанқызымен отау құрғандарына алдымыздағы жылы киелі 40 жыл болады екен. Халқымызда 40 жылдық тойды - «Лағыл той» - дейді. Осы «Лағыл тойға» аман - есен жетіп, «Алтын», «Гауһар тойды» көруге Аллаһ нәсіп етсін.

Өкінішке орай, ағамыз қазіргі таңда уақытша сырқаттанып қалған жайы бар. Ағамызға қарап, бағып - қағып отырған жары Гүлфара апайымызға сабырлық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Сейпілғазы ағамызды мерейлі 70 жасымен құттықтай отырып, «Аллаһ шипасын берсінші», - деп тілек тілеп, сауығып кетуіне дұға жасаймыз. Көптің тілегі көл, - демекші Сіздер де тілекші болыңыздаршы жақсыларым!

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ,
ЖШС аудандық "Ақсу өңірі"
газетінің директор - бас редакторы.

Жансүгіров ауылы.

● АКАДЕМИК, ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ!

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ӨМІРІНЕН 10 ДЕРЕК



КАНЫШ СӘТБАЕВ

“Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған адамды қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас”. “Ұлы адамдар өмірі” айдарында осы жолдардың авторы - Қаныш СӘТБАЕВ.

1. АЗАН ШАҚЫРЫП ҚОЙҒАН ЕСІМІ – ҒАБДУЛ-ҒАНИ

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 31 наурызда (кей деректе 12 сәуірде) қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы № 4-ші ауылда дүниеге келген. Қаныштың атасы Сәтбай ауылға сыйлы, көзі ашық адам болған екен. 1902 жылы қажылық кезінде қайтыс болып, Меккеде жерленген. Ал әкесі Имантай бірнеше тілде еркін сөйлеген, Орыс географиялық қоғамының корреспондент мүшесі болған. Сондай-ақ ол Шоқан Уәлиханмен дос болған деседі. Білім, ғылымға ерекше ықылас танытқан шаңырақта дүниеге келген бала үйдің кенжесі болатын. Сол күні Имантай үйде тұрған Құранның таза бетіне “Жаңа күнтізбе бойынша 1899 жылы наурыз айының 31 күні мейрімді Алла Имантай атты құлына ұл сыйлады. Оған қасиетті кітапта бар Ғабдулғани есімін қойды” деп жазған көрінеді. Есім араб тілінен аударғанда «Барлық жаратылыс иесінің (Құдайдың) құлы» деген мағына береді. Анасы болса кіші ұлын «Ғани», «Ғаныш» деп еркелетіп отырады екен. Кейін туған-туыстары да Ғабдулғаниды Қаныш атап кетеді. Болашақ ғалым мектепке де осы есіммен қабылданады.

2. АЛГЕБРАНЫ ҚАЗАҚШАЛАҒАН

Қаныш ауыл мектебінде білім алғаннан кейін Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне түседі. Оны аяқтаған соң, әкесінің қарсылығына қарамай Семейдегі мұғалімдер семинариясына аттанады. Алайда ол жақта денсаулығы сыр беріп, туберкулезге шалдығады. Десе де барлық емтихандарды эстерн ретінде тапсырып, 1918 жылы оқуды бітіргені жайлы диплом алып шығады. Университетке түсуге дайындалып жүріп, Семейде жаратылыстану мұғалімі болып жұмыс жасайды. Бірақ туберкулез тағы да асқынып, Қаныш Сәтбаев ауылына аттанады. Бір жылдай қымызбен емделген ол бос жатпай, қазақ мектептеріне арналған алгебра оқулығын жаза бастайды. Кітапты Қаныш 1924 жылы араб графикасымен жазып шықса, 1929 жылы латын графикасына көшіреді. Бұл бастаманы тарихшылар Алаш зиялыларының қазақтың сауатын ашу мақсатында жұмыла кіріскен жобалардың бірі санайды. Мысалы, Әлихан Бөкейхан география, Мағжан Жұмабай педагогика, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған тіл мамандары тіл білімі, Халел Досмұхамедов анатомия, Әлімхан Ермеков математика бойынша оқулықтар дайындаған. Ал ең күрделі пән бойынша оқулық дайындау Қаныш Сәтбаевқа жүктелген екен.

3. ГЕОЛОГИЯҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АШҚАН - МИХАИЛ УСОВ

1921 жылы Қаныштың ауылына туберкулезден емделуге Томск технологиялық университетінің профессоры, геолог Михаил Усов келеді. Профессор Қанышпен танысып, оған геология ғылымы мен қазақ жерінде ашылмаған кен орындары жайлы қызықты әңгімелерін айтады. Осылайша білімпаз жігітті Усов Томск технологиялық университетіне түсуге көндіреді. Сол жылы денсаулығы жақсарған Қаныш Сәтбаев Томскіге аттанып, қабылдау емтиханынан сәтті өтіп, технологиялық университеттің геологиялық барлау бөлімінің студенті атанады. Геология ғылымының қырсырына қаныға бастаған Қаныш Сәтбаев өзінің ұстазы Михаил Усовтың кеңесіне жиі жүгініп тұрған екен. Сондай-ақ осы жерде оқып жүріп ол белгілі геолог Михаил Русаковпен танысады.

Бірнеше жылдан кейін профессор Усовтың жетекшілігімен жазған дипломын сәтті қорғап шыққан Қаныш Атбасар түрлі-түсті металдар тресіне жіберіледі. Жас геолог Орталық Қазақстан территориясындағы барлық барлау және іздеу қызметін басқарады. 1926 жылы Қарсақбайға келіп, ағылшындардан қалған геологиялық жұмыстар танысады. Сондай-ақ Жезқазғанда жаңа кен орындарын табады. Осылайша Қарсақбай ауданындағы барлау жұмыстарының көлемі артып, мыс қоры көбейе түседі. 1934 жылы Қаныш Сәтбаевтың

жұмысының арқасында Үлкен Жезқазған мәселесі КСРО Ғылым академиясының сессиясында көтеріледі. Ал соғыс таяп қалған уақытта Сәтбаевтың он бес жыл жүргізген жұмыстарының нәтижесі - “Жезқазған ауданындағы кен орындары” атты маңызды еңбегі жарық көреді.

4. “ЕР ЕДІГЕ” ЖЫРЫН БАСЫП ШЫҒАРҒАН

Бірде Томскіде оқып жүрген Қаныш Сәтбаевтың қолына “Ер Едіге” жинағы түседі. Жинақта оны алғаш қағазға түсірген Шоқан Уәлихан мен Платон Мелиоранскийдің нұсқасы жарияланған екен. Қаныш жырда кеткен қателерді түзеп, қайта өңдейді. 1927 жылы ғалым Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасында “Ер Едіге” жырды басып шығарады. Қаныш Сәтбаевтың немересі Нұрлан Жармағамбетовтың айтуынша, дастан Алаш Орда көсемі Әлихан Бөкейханның қолдауымен жарық көрген. Кітаптың алғысөзінде Қаныш Едіге батырдың қазақ тарихындағы орнына ерекше тоқталып өтеді. “Едіге қазақ батырлары ішіндегі ең маңдайлы, аруағы күшті, көлемі, сәулесі күшті шопланы есебінде”, - дейді ол, - “Сыпыра жырау Едігені Ер Шыңғыс, Өз Жәнібек, Ақназар сынды ерлерден де артық сипаттайды”. Өкінішке қарай, Қаныштың бұл еңбегі кеңесшіл ортада оң бағалана қоймады. Ал 1951 жылы академикті Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті қызметінен босатуға ықпал еткен “себептің” бірі де осы “Ер Едіге” болды.

5. ҚАЗАҚ КСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ПРЕЗИДЕНТІ

Қаныш Сәтбаев Қазақстанда Ғылым академиясын құру мәселесін 1944 жылы көтерген болатын. Сол жылдың тамыз айында дайындық жұмыстары басталып кетеді. Қаныш Имантайұлы КОКП-ның Орталық комитетімен бірнеше рет хат алмасады. Сондай-ақ Мәскеуге барып, Қазақ КСР-інде Ғылым академиясын құрудың қажеттілігін дәлелдеуге тырысады. Нәтижесінде 1944-1946 жылдары



11 жаңа ғылыми-зерттеу институттары құрылады. Сонымен қатар болашақ академия ғимаратының жобасы әзірленеді.

1946 жылы 1 маусымда Абай атындағы Опера және балет театрында Қазақ КСР Ғылым академиясының тұсауы кесілді. Екі күннен кейін Академияның бірінші жиналысында Қаныш Сәтбаев оның президенті әрі академигі болып тағайындалды. Сол жылы ол КСРО Ғылым академиясының академигі және Жоғары кеңес депутаты болып сайланды.

Ғылым академиясының ашылуы, онда жаңа институттардың пайда болуы қазақстандық зерттеушілерге жаңа мүмкіндіктер ашты. Алайда академияның қоғамдық ғылым бөлімінде жұмыс жасайтын мамандардың жұмыстан шығару жайлы бұйрық түсті. Бұған академиктің жауабы қысқа болды: “Мен басқарып тұрғанда, маған сеніп тапсырған ғылыми мекемелерде негізсіз “тазаалау жұмыстарын” жүргізуге келісім бермеймін. Менің жауабым осы”. Сол жылы Қаныш Сәтбаевтың өзі сынға ұшырайды. Партияға кірер кезде тегін жасырды, ұлтшылдарға қамқорлық танытты және жас кезінде алашшыл болған деген айыппен 23 қараша күні Ғылым академиясының бірінші президенті қызметінен босатылды.

6. УИНСТОН ЧЕРЧИЛЛМЕН КЕЗДЕСУІ

1947 жылы Қаныш Сәтбаев КСРО Жоғары кеңесінің делегациясымен Ұлыбританияға барады. Сапарда жүрген ғалым Британ музейін, әсіресе ондағы минералдар коллекциясын тамашалағысы келеді. Музейде экскурсия өткізіп жүрген адам оған әр экспонат жайлы айтып келе жатқанда бір минералдан көз алмаған Қаныш Сәтбаев “Мүмкін емес!” деп басын шайқапты. Ол экспонаттың жазбасында “Трансваальден әкелінген мыс” делінген екен. “Жоқ, бұл қазақ даласының халькозині ғой” деген ғалымға гид “Біздің музейде ондай қателік кетуі мүмкін емес” деп жауап береді. Оған Қаныш “Мен

мұны сізге геология ғылымдарының докторы ретінде айтып тұрмын. Экспонат жазбаларының дұрыстығын тексеріңіздер” деген көрінеді. Кейін үзей қызметкерлерінің қателік жібергені анықталады. Сол кезде Қаныш Сәтбаев Кеңес парламенттік тобының мүшесі ретінде Уинстон Черчилльмен кездесуге келген еді. Сонда Черчилль одан басының көлемін сұраған екен. “Сэр, егер сіз қалпағымызды ауыстырайық десеңіз, қуана келісемін”, - дейді ғалым. Онысына Черчилль “Жоқ, сіз мені дұрыс түсінбедіңіз. Бізде қалпақ ауыстыру - жаман ырым. Мен тек сіздің ұлтыңыздың өкілдері де сіз сияқты үлкен бе деп сұрағым келген еді”, - деп жауап береді. Сонда Қаныш Сәтбаев “Менің халқымы менен де үлкен”, - деген екен.

7. ӨЛКЕЙ МАРҒҰЛАН, МҰХТАР ӘУЕЗОВПЕН ДОСТЫҒЫ

Қаныш Семейдегі семинарияда Мұхтар Әуезов, Өлкей Марғұланмен қатар оқыған. Кей деректерде Қаныш пен Мұхтар бір бөлмеде тұрғаны айтылады. Қаныш Сәтбаев Ғылым академиясына басшылық еткен жылдары Мұхтар мен Өлкейді сонда шақырып, ғылыммен айналысуларына мүмкіндік береді. Өлкей Марғұланға археологиямен айналысуға кеңес берген де Қаныш болатын.

Үшеуі тек сыйлас емес, сырлас дос болған деседі. Бірде Қаныш Мәскеуден келген тапсырма бойынша Қазақстанның жерасты қазба байлықтары картасын жасайды. Алайда ол картада бірнеше кен орнын көрсетпей кетеді, онысын “Ол жерде рудалар тым терең орналасқан. Көп қаржы мен техниканы қажет етеді. Сондықтан оларды енгізу әлі ерте”, - деп түсіндірген екен. Ал өзінің сыр ашпайтын достары Мұхтар мен Өлкейге “Әдейі жасырдым. Кейінгі ұрпаққа да байлық керек болар”, - деген екен.

8. ДОМБЫРАНЫҢ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН

Қайрат Байбосынов “Бүркітбай” өні өзінің ұстазы Жүсіпбек Елебековтен үйренгенін айтады. Ал Жүсіпбек бұл әнді алғаш Қаныш Сәтбаевтың орындауында естіген екен. Қаныш домбырада жақсы ойнап қана қоймай, көптеген ескі әндердің тарихын жақсы білген. Ғалым Александр Затаевичке 25 шақты қазақ әндерін жазып берген деген дерек бар. Күйеу баласы Қайнекей Жармағамбетов “Қаныш Имантайұлы халық әндерін сүйіп тындайтын. Кейде өзі де қолына домбыра алып, баритон дауысымен “Бүркітбай”, “Әуілдек” әндерін шырқайтын еді”, - деп еске алады. Сонымен қатар ғалым гитарада да ойнаған. Ал археолог Өлкей Марғұланнан айтуынша, академик билегенді қатты ұнатқан екен.

9. ОТБАСЫ

Қаныш Сәтбаев екі рет үйленген. Ғалым бірінші жары Шәрипамен 21 жасында отау құрады. Екеуінің Ханиса, Шәмшиябану есімді қыздары мен Майлыбай атты ұлы болған. Соңғысы 16 жасында қайтыс болған екен. Ал екінші әйелі Таисия Алексеевнамен Қаныш Сәтбаев Тамскіде оқуда жүргенде танысқан. Таисия Қанышқа екі қыз бен бір ұл сыйлаған. Бірақ ұл бала бір жасқа жетпей дүниеден өткен. Сондай-ақ ғалым дәрігер, профессор Кәмила Өтегеновамен азаматтық некеде тұрған, Жәмилә есімді қыздары бар. Ұзақ уақыт туберкулезбен ауырған ғалым 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеу қаласында дүниеден өтіп, Алматыдағы Орталық зиратта жерленген.

10. СӘТБАЕВ ПЛАНЕТАСЫ

1979 жылы 31 шілдеде Қырым астрофизикалық обсерваториясында астроном Николай Черных кіші планетаны ашады. Қызылжұлдыз бен Есекқырған орбиталарының арасында Күнді айнала қозғалатын ғаламшар Халықаралық планета орталығының каталогына 2402 нөмірлі Satpaev астероиды деп енгізілген. Кіші планетаға ғалым Қаныш Сәтбаевтың есімі берілгені жайлы диплом Ұлттық ғылым академиясының Геология институтында сақталған. Сондай-ақ Қаныш Имантайұлының есімі Қарағанды облысына қарасты қалаға (Сәтбаев қаласы), минеролог-геолог Екатерина Анкинович ашқан минералға (Satpaevite), Жоңғар Алатауының сол жақ жотасындағы мұздыққа (Сәтбаев мұздығы), Кекек өсімдігінің жаңа түріне (Oxitropis satpaevii) және гладиолус гүліне (Академик Сәтбаев) берілген.

Сонымен қатар Алматы қаласында орналасқан Қазақ ұлттық техникалық университеті де ұлы ғалымның атымен аталады.

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯ



• басқа тұлғалармен нотариалды құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануарлар және т. б.) – бағалауды 31.12.2023 жылғы жағдай бойынша декларацияны тапсыру мерзіміне

дейін (2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей) жасау қажет. Кейін жыл сайын кірістер мен мүлік туралы декларация (270.00-нысан) ұсынылады, онда күнтізбелік жыл ішінде алынған кірістер, Қазақстанда және шетелде мүлкі сатып алу не иеліктен шығару туралы мәліметтер, сондай-ақ оларды иемденуге жұмсалған шығыстарды жабудың көздері көрсетіледі.

Осылайша, кірістер мен мүлік туралы декларацияда мыналар көрсетіледі:

- кірістер (жалға беруден, жылжымайтын мүлкі, көлікті, бағалы қағаздарды сатудан, шетелден кірістер және т. б.)
- салық шегерімдері (медициналық қызмет шығындары, қызметтер, білім беру, ипотека бойынша төлемдер, көп балалы отбасылар үшін шегерім)
- өтеусіз алынған мүлкі (жылжымайтын мүлік, көлік, бағалы қағаздар, цифрлық активтер және т. б.) қоса алғанда, мүлкі сатып алу/иеліктен шығару
- қымбат мүлкі сатып алу көздері
- бағалы қағаздар, цифрлық активтер (биткоиндер және т. б.)
- үлестік қатысу шарты (тұрғын үй ғимаратындағы үлесі)
- инвестициялық алтын (құйма алтын)
- жеке тұлғалардың нотариалды куәландырылған қарыз шарттары
- шетелдік компаниядағы қатысу үлесі
- шетелдегі жылжымайтын мүлік және көлік
- шетелдік банктегі 7,3 мың АҚШ долларынан (1 000 АЕК) асатын ақша.

АҚСУ АУДАНДЫҚ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ – СЕНІМДІ БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ!



сына қабылдау және іріктеу Ережесіне сәйкес Академияның іштей оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы, физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдірмей өткен азаматтар қабылданады.

Академияда іштей оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскери қызметке теңеледі. Академия курстантары республикалық, облыстық және қалалық

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші – құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі, өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік.

Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда. Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы – еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Бұл оқу орнында «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша сырттай және іштей оқу түрінен өрт қауіпсіздік бакалавр біліктілігі берілу арқылы жоғары кәсіпті мамандарды да-



ярлайды. Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академия-

спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Ұлы Отан соғысы және Ауған соғысы ардагерлеріне арналған әскери шерулерінің тұрақты қатысушылары қатарында.

Іштей оқуға түскен азаматтар казарма тәртібі бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен, шәкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріліп, арнайы «Азаматтық қорғау» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай ҚР ТЖМ органдарында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жолдама алады. Еліміздің тыныштығын қорғау – әр азаматтың міндеті.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

ҚЫСҚЫ БАЛЫҚ АУЛАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ!



Қысқы балық аулау - бұл өз жанкүйерлерінің көпшілігін су қоймаларына тартатын қызықты іс-шара. Мұзды балық аулауға барғанда, сіз мұзда болу үлкен қауіп - қатерге душар болатынын білуіңіз керек, көбінесе балықшылар қарапайым қауіпсіздік ережелері туралы ойламайды.

Алайда, Сіз кейбір ережелерді ұстанатын болсаңыз, қайғылы салдарсыз жасай аласыз. Әрине, қысқы балық аулауда белгілі бір қауіп бар, батылдық танытпағаныңыз жөн және бұл фактіні жеңілдетпегеніңіз жөн. Алайда, бірінші рет мұз үстіндегі жүріс - тұрыстың негізгі ережелерін мұқият зерттегеннен кейін тәжірибелі балықшылар компаниясымен бірге жүрген дұрыс:

- Мұздың беріктігін әрдайым өзіңіз тексеріп көріңіз. Мұны істеу үшін уақыт бойынша тексерілген құрал - мұзды қолданыңыз. Егер мұз мұздың соққысына төтеп берген болса, сіздің салмағыңыз да төзеді. Аяққа соғып, біртіндеп жүріңіз. Шортан мұзды жайбарақат бұзған жағдайда, сізде ешқандай қозғалыс жоқ. Сіз соққымен мықтылықты тексере алмайсыз - сіз сәтсіз бола аласыз.

Мұз барлық жерде біркелкі қатпайтынын ұмытпаңыз:

- Мұздың ең қауіпті аймақтары өсімдіктер өсіп тұрған, үйінділерге, тіреулерге, ағаштарға жақын жерлер, сондай - ақ, жағалау аймағы екенін ұмытпаңыз. Қара және сулы мұз да қауіпті. Ол бұзылуға тез ұшырайды;

- Сіз өзіңізбен бірге ауырсалмақты жүкті алып жүрмеуіңіз керек, одан да көп көлікте қауіпті жерлерге қоңырау шалуыңыз керек;

- Жақын жерде көптеген тесіктерді бұрғылау қауіпті, бұл оны өте әлсіз етуі мүмкін;

Егер Сіз суға түсіп кетсеңіз, онда, ең алдымен, Сіз дүрбелеңді тоқтатып, күшіңізді жұмсамауыңыз керек. Суда көлденең позицияны алыңыз. Содан кейін қолдарыңызды кең жайып, қаттырақ мұзға шығуыңыз керек. Бірте - бірте аяғыңызды мұзға қойып, содан кейін жылжып кетуге тырысыңыз. Егер бірінші әрекет сәтсіз болса, аяқ кімді шешіп, қайталап көріңіз. Шұңқырдан шыққан кезде Сіз келген бағытқа және қауіпсіз жол тексеріліп қойылған жерге барыңыз.

Алғашқы көмек.

Егер жақын жерде көлік болмаса немесе жылытылатын бөлме болмаса, құрбанды желден қорғау керек. Егер киім ылғалдана, міндетті түрде шешіп, сығып алыңыз. Мұздатылған жерлерді қолмен немесе құрғақ шүберекпен ұнтақтаңыз, бірақ қармен емес. Егер Сіз алыста болсаңыз, от жағып, жылытыңыз. Адам есінен таңуы мүмкін. Бұл жағдайда оны терімен қызыл түс пайда болғанға дейін арақпен (алкоголь емес) ұнтақтаған жақсы. Ыстық шай ішіңіз. Бірақ Сіз алкоголь іше алмайсыз, бұл өте зиянды болуы мүмкін.

Б.ЕЛТАЕВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 423 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 15 616 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 1,5 % құрайды.

423 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-330, Текели қаласы-17, Ақсу – 4, Алакөл – 8, Ескелді – 13, Көксу – 8, Кербұлақ - 4, Қаратал – 21, Панфилов – 15, Сарқанский - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды. Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады. ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етпеңіз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Алмас НҮРТЕЛЕУ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдары);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүлктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқталған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепіліні тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

сұрасты қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, есіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматта қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Өділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біп» атты қосымшадағы Комитеттің <http://datqog.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын

мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзинің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Өділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисі жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Ернұр БЕКТҰРСЫНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Сенбілік бет

Өскелең ұрпаққа білім беруді өзіне кәсіп қана емес, өмірлік мәні қылған ардақты да қадірлі мұғалімдердің бірі – Көкжайдақ ауылының тұрғыны, ардақты ана, сүйікті әже, зейнеткер-ұстаз Танысбекова Нағима Тілеуғалиқызы.

Ұстаздың өз мамандығына деген сүйіспеншілігі қаншама жылғы еңбегінің жемісі, шәкірттерінің жеңісінен көрініп тұрады. Нағима апай жас кезінен ұстаз болуды армандайтын. Осы арманның жетегімен Көкжайдақ ауылындағы Абай орта мектебінде аға пионер вожатый болып ұстаздық еңбек жолын бастады. Жас маман сол кездегі мектептің байырғы ұстаздарынан көп методикалық



Ұлағатты ұстаздан дәріс алған шәкірттері бұл күндері еліміздің түкпір - түкпірінде түрлі мамандық иелері атанып, басшылық қызмет, бизнес саласында жемісті еңбек етуде. Бұл ұстаздың тер төккен еңбегінің жемісі. Өскелең ұрпаққа білім беру, ұстаздық жұмыстар мен қатар мектептің, ауылдың қоғамдық өміріне тұрақты атсалысты.

Әр жылдары өтетін түрлі деңгейдегі аудандық сайыстар мен байқаулардың әділқазы алқасы болып білім саласы жұмыстарына белсенділік танытқан. Аудандық мұғалімдер конференцияларына, облыстық мұғалімдер жиналыстарына, семинарларына делегат болды.

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК АТҚАРҒАН ҰСТАЗ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚТЫ

көмек алады. Бойында қайрат – жігері мол ұстаз жұмысты сенімді жүргізе білді. Көп ұзатпай Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтын жұмыстан қол үзбей сырттай бітіріп, тарих, қоғамтану пәні мұғалімі мамандығын иеленген. Нағима апай оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін үнемі сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырып, оқушылардың басы-қасында оқушылармен бірге бала болып үлгі көрсетеді. Нағима апайдың бірнеше мақаласы, сабақтары мен білім саласындағы тәжірибесі туралы республикалық «Қазақстан тарихы» журналының беттерінде жарияланып жатты.

Әрдайым ізденіс үстінде жүретін педагог білімін жетілдіру мақсатында үнемі білім жетілдіру орталықтарымен тығыз байланыста жұмыс атқарып, өзінің авторлық жобаларын әріптестерге таныстырып отырады. Тәжірибе жинақтаған білімді ұстаз бала жанның бағбаны бола білгендіктен, мек-

теп әкімшілігі тәрбие саласын сеніп тапсырған.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, ұлағатты ұстазынан білім алып, ұстаздық кәсібін тандап, бүгінгі таңда оқушыларға білім нәрін беріп, ұлы істің игі жолында аянбай қызмет жасап жүрген шәкірттері де баршылық. Шәкірт бойындағы табиғи дарын ұшқындарын сөндіріп алмай, шығармашылық еңбек үстінде оған қанат бітіру, білімге шексіз құштарлық дәнін себу – Нағима апайдың еңбегінің бір парағы. Осы орайда оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулып, Көкжайдақ жеріндегі ұлы тұлғаларды ұрпақ санасына сіңіре білді.

Бірнеше шәкірті республикалық, облыстық ғылыми жобалар байқауында жүлделі орындарға ие болды.

Бақытын еңбектен таба білген ұстаз отбасылық өмірде де бақытты: ардақты ана, асыл әже.

Өмір бір орында тұрмай жүйткідей дегендей қазіргі уақытта Нағима апай құрметті демалысқа шықты.

Осы жылдар ішінде өз уақытын аямай, шәкіртінің уақытын аялап еңбек еткен ұлағатты ұстаз, шәкірттеріне өмірлік азық болар тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік тұрғыда бағыт-бағдар бергені үшін қоғамдық өмірдегі белсенділігі лайықты бағаланды.

Қажырлы еңбегі бағаланып, аудандық, облыстық мекемелерден, Қазақстан Республикасы Кіші ғылыми академиясының «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Өмірі өнегемен өрілген ұлағатты ұстаз Нағима апай жолдасы Тілеулі екеуі 4 бала өсіріп, тәрбиеледі. Олар да ана жолын қуып әр қалада білім саласының мамандары. Ұстазымызға зейнет жасыңыз құтты болып, ұрпағыңызбен мың жасаңыз деп тілек айтамыз!

Л.ҚАҒАЗБЕК,
Абай атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

Көкжайдақ ауылы

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ХАБАРЛАНДЫРУ!



ҚҰРМЕТТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ/ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауаттылық бойынша оқуға шақыруға қуаныштымыз. Жобаны Қазақстан Республикасының Үкіметі «АМАНАТ» партиясымен бірлесіп іске асыруда. Өткен жылы еліміздің сегіз өңірінде 65 000 адам оқудан өтті. Біз жоба қатысушыларының жоғары бағасын алдық!

Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 8-29 қаңтар аралығында өтеді. Халықты оқыту 2024 жылдың 5 ақпанында басталады. Өтінімді тіркелген жері бойынша ауылдық әкімдікке немесе «АМАНАТ» партиясының кеңселеріне хабарласу арқылы беруге болады.

Оқыту бес күнге созылады. Осы уақыт ішінде сіз отбасылық бюджетті жүргізуді, шығындарыңызды басқаруды, несиелік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу бойынша ұсыныстар алуды, өзіңізге тиімді шарттармен несие таңдауды үйренуді, депозиттердің әртүрлі шарттарымен танысуды, ірі сатып алуларды жоспарлауды үйренуді және т.б. үйренесіз.

Сондай-ақ оқыту шеңберінде қаржы сарапшылары жеке консультациялар өткізетін болады, ал, қатысушылардың қалауы бойынша өз бизнесін ашу үшін мемлекеттік гранттық және кредиттік бағдарламаларға бизнес-жоспар жазуға көмектеседі. Жоба аясында сіз білікті заң көмегін ала аласыз, егер сіздің шоттарыңызға тыйым салынған болса, сіздің қарызсыз коллекторлық компанияға сатылған болса, сізге несиелік қарызды қайта құрылымдау қажет және т.б.

Барлық құжаттарды емейлге жіберіңіздер: kzulydala@gmail.com
Оқыту толығымен тегін.

ҚАРЖЫЛЫҚ САРАПШЫЛАРДЫ ЖАЛДАУ ТУРАЛЫ

Мемлекет басшысының «Қарызсыз қоғам» жобасының тәжірибесін тарату жөніндегі тапсырмасына сәйкес, халықтың қаржылық сауаттылығын оқыту еліміздің барлық өңірлерінде және Республикалық маңызы бар қалаларда жүргізілетін болады.

«АМАНАТ» партиясы жанындағы жобаның Орталық жобалау кеңсесі халықты оқытуды жүргізу үшін қаржы сарапшыларын жалдау туралы хабарлайды.

Өтініш берушілерге қойылатын талаптар:

- қаржы және экономика саласында жоғары білімнің болуы;
- бизнес-жаттықтырушы ретінде кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі;
- Ехсел-де қаржылық модельдер құра білу;
- қазақ және орыс тілдерін еркін білу;
- ауыл тұрғындары үшін тренингтер өткізу тәжірибесі кемінде 1 жыл;
- екі ұсыныс хат.

Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 8-19 қаңтар аралығында өтеді.

Барлық құжаттарды емейлге жіберіңіздер: kzulydala@gmail.com

ХАБАРЛАНДЫРУ!

23.01.2024 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://ecportal.kz/> Жетісу облысының Ақсу ауданында орналасқан "Алину" шаруа қожалығына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Алину" шаруа қожалығы, ЖСН 830601301880, мекен-жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылы, Тұрғанбек көшесі, 17. Тел.87000818181, moldievaslan1983@mail.ru. Жоба материалдарымен ecportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ 7su.expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

"ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ" ММ.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 23.01.2024г в течении 5 рабочих дней на сайте ЕЭП <http://ecportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для Крестьянского хозяйства «Алину», расположенного в Ақсуском районе области Жетісу (в период эксплуатации, для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: Крестьянское хозяйство «Алину», ИИН 830601301880, адрес: область Жетісу, Ақсу район, с.Арасан, улица Турғанбек 17. тел.87000818181, moldievaslan1983@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su.expertiza@mail.ru. Тел.: 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

● ЕЛ ПІКІРІНЕН БИКЕЛЕРГЕ ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

Жаңа жылдың жақсы әйелі қандай?



Барға мастанбай, жоққа жасымаған әйел жақсы.

"Бірде бал, бірде у беріп өтеді өмір, Бақты да, қайғыны да көтере біл" - деп өз еріне ақыл - кеңес беріп отырған әйел жақсы.

Өз ерін төсегімнің құлы емес, құты деп түсінген әйел жақсы.

"Еңбек ету - бақыт, адамның жауы - жалқаулық" - деп балаларын адал еңбекке баулып отырған әйел жақсы.

"Тұз дәмге түкірме, туысқанға қастық жасама, халықтың қарғысын алма, ғаріп адамды келеке етпе" - деп балаларына дұрыс бағыт берген әйел жақсы.

Әйелдің сүйкімдісі - ерінің ұнататынын ұнатып, сыйлап, құрметтейтіні.

Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ.
Жансүгіров ауылы.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2489

☎ Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

✉ Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.